

Торайғыров университетінің  
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ  
Торайғыров университета

---

**ТОРАЙҒЫРОВ  
УНИВЕРСИТЕТІНІҢ  
ХАБАРШЫСЫ**

**Филологиялық сериясы**  
1997 жылдан бастап шығады



**ВЕСТНИК  
ТОРАЙҒЫРОВ  
УНИВЕРСИТЕТА**

**Филологическая серия**  
Издается с 1997 года

ISSN 2710-3528

№ 3 (2021)

Павлодар

**НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ  
ТОРАЙГЫРОВ УНИВЕРСИТЕТА**

**Филологическая серия**

выходит 4 раза в год

---

**СВИДЕТЕЛЬСТВО**

О постановке на переучет периодического печатного издания,  
информационного агентства и сетевого издания

№ KZ30VPY00029268

выдано

Министерством информации и общественного развития  
Республики Казахстан

**Тематическая направленность**

публикация материалов в области филологии

**Подписной индекс – 76132**

<https://doi.org/10.48081/GLMS3361>

---

**Бас редакторы – главный редактор**

Жусупов Н. К.

*д.ф.н., профессор*

Заместитель главного редактора

Анессова А. Ж., *доктор PhD*

Ответственный секретарь

Уайханова М. А., *доктор PhD*

**Редакция алқасы – Редакционная коллегия**

Дементьев В. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Еспенбетов А. С., *д.ф.н., профессор*

Трушев А. К., *д.ф.н., профессор*

Маслова В. А., *д.ф.н., профессор (Белоруссия)*

Пименова М. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Баратова М. Н., *д.ф.н., профессор*

Аймухамбет Ж. А., *д.ф.н., профессор*

Шапауов Ә. Қ., *к.ф.н., профессор*

Шокубаева З. Ж., *технический редактор*

---

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели

Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов

При использовании материалов журнала ссылка на «Вестник Торайгыров университета» обязательна

<https://doi.org/10.48081/GJQL9184>**\*М. С. Мнайдарова, Г. Ә. Сәрсек**Л. Н. Гумилев атындағы ұлттық университеті,  
Қазақстан Республикасы, Нұр-Сұлтан қ.

## **ҚАЗАҚ ЖӘНЕ ТҮРІК ТІЛДЕРІНДЕГІ АНТРОПОНИМДЕРДІҢ МОРФОЛОГИЯЛЫҚ ҚҰРЫЛЫМЫН ЗЕРТТЕУ МӘСЕЛЕЛЕРІ**

*Мақала қазіргі қазақ және түрік тілдерінің антропонимикасын зерттеуге арналған. Авторлар қазақ тіл білімінде антропонимдердің зерттелуіндегі лексикалық сипаттардың мол назарға алынғандығын негіз етеді. Адам аттарының лексикалық мағынасы, этимологиясы, лингвомәдени жүйедегі түрлі аспектідегі зерттелуі морфологиялық құрылымдарын анықтаудағы алғышарттар ретінде алынады. Антропонимдердің лексика-семантикалық мағынасының жап-жақты қарастырылуы нысанаға алынып отырып, саланың басты шарты деп белгіленеді. Қазақ және түрік тілдерінің туыстық, тектік бірліктері де антропонимдерді зерделеуде ортақ тарихи кезеңдерге назар аударуды қажет етеді. Сондықтан да қазақ және түрік тілдеріндегі антропонимдерді зерттеуде тарихи кезеңдерге жіктеу, топтау жүйесі де негізге алынады. Бұл ретте, авторлар, профессор Т. Жанұзақовтың тарихи кезеңдерге бөлген жіктеуін негізге алуды қажет деп санайды.*

*Тілдегі лексикалық мағына арқылы морфологиялық белгілер анықталады. Морфологиялық құрылым сипаттары тілдегі түпкі сөз мағынасын негізге ала отырып анықталатын болғандықтан да адам аттарының лексикалық мағыналары арқылы морфологиялық құрылымдары ашылады. Қазіргі қазақ және түрік тілдеріндегі антропонимдердің морфологиялық белгілерін зерттеу кезінде авторлар назар салған тұстардың бірі тілдік материалдың семантикалық тұтастық заңдылықтары мен ережелеріне бағынуы. Бұл өз кезегінде, адам атауларының лексика-семантикалық сипаттарының грамматиканың ішкі қағидаларымен сабақтасуы арқылы жүзеге асады. Тілдегі морфологиялық заңдылықтардың өзі лексикалық мағынаны негізге алады. Мақала авторлары сол себепті де,*

*сөздің морфологиялық белгісін анықтаудағы немесе сөздерді тапқа жіктеудегі басты ұстанымның – лексика-семантикалық ұстанымға бағынатындығын негіз етеді.*

*Мақала авторлары адам аттарының морфологиялық құрылымын анықтауда антропонимдердің морфемалық құрамына назар салумен бірге, сөз табы ретіндегі қызметтерін де қарастырудың қажеттігін ескереді. Тіл тарихы сөз таптарының антропонимдер жасауға қатыстылығынан мол деректер береді. Бұл бүгінгі тілдегі морфологиялық құрылым заңдылықтарын анықтауға көмектесері белгілі. Адам аттарының морфологияда жалқы есімдер тобындағы орын, сөз түрлері, жалаң (дара), туынды, күрделі сөз жасаудағы қызметтері де морфологиялық құрылымды зерттеу үшін анықталуы қажеттігін назарға ұстайды.*

*Тілдегі антропонимдердің, соның ішінде қазақ және түрік тілдеріндегі антропонимдердің морфологиялық құрылымын анықтау – тілдің туыстығын, мағыналық бірліктерінің өзара сабақтастығын форма арқылы да дәлелдеу. Бұл тұрғыда антропонимдер туралы зерттеуде морфологиялық құрылымды анықтау, тілдік талдау жасаудың қажеттігінің өзекті екендігін анық.*

*Кілтті сөздер: антропонимдер, лексика-семантикалық мағына, морфологиялық құрылым, қазақ және түрік тілдері, түбір.*

## **Кіріспе**

Ұлттың тілі – халық танымының көрсеткіші. Тілдің терең тарихы мен бай құрылымдық сипаттарын лексика-грамматикалық белгілері дәлелдейді. Осы ретте, біз қазақ-түркі тілдерінің тектік бірлігін қазақ және түркі тілдеріне ортақ адамзат атаулары арқылы анықтаудың да қажеттігі бар екендігіне назар аударғымыз келеді. Қазақ және түрік тілдеріндегі антропонимдер лексикалық жағынан мол зерттелгенімен де, морфологиялық құрылымын қарастыру назардан тыс қалып келе жатқандығы – тақырыптың өзектілігін ашады.

Материалдар мен әдіс-тәсілдер. Зерттеуге қазақ және түрік тілдеріндегі антропонимдер және ежелгі түркі тілдерінің материалдары алынады. Зерттеудің әдіс-тәсілдері тілдік талдау, салыстыру, жинақтау, саралау.

## **Нәтижелер мен талдау**

Қазіргі қазақ тіліндегі антропонимдер – жан-жақты зерттелген сала. Тілдегі адам аттарының лексика-семантикалық мағынасы кең көлемдегі зерттеу нысанына алынған. Қазақ тіліндегі кісі аттарының этимологиясы мен мағыналық өзгерістері, эмоционалды-эксперессивті реңктері, ұлттық тілдің лингвомәдени жүйесіндегі орны т.б. тұстары қарастырылған. Дегенмен, қазіргі қазақ тіліндегі антропонимдердің туыстас тілдермен ара қатынасы

және морфологиялық құрылымы туралы жан-жақты ғылыми зерттеулер қажеттігі байқалады. Қазақ тіліндегі кісі есімдерін кең зерттеген ғалым Т. Жанұзақов «Очерк казахской ономастики» деп аталатын ғылыми еңбегінде төрт түрге бөледі.

- 1) Сипаттама есімдер – дескриптивтер.
- 2) Тілек есімдер – дезидеративтер.
- 3) Арнау (еліктеу) есімдер – меморативтер.
- 4) Мәдени-тарихи есімдер [1, 23–26].

Қазақ және түрік тілдеріндегі антропонимдердің морфологиялық құрылымын зерттеудің алғышарттары да дайын. Антропонимдерге жасалған лексика-семантикалық зерттеулердің өзі тақырыпты зерделеп қарастыруға мүмкіндік беретін ғылыми-теориялық ойларды жүйелеуге қажет материал бола алады.

1 Тілдегі антропонимдерге жасалған лексика-семантикалық зерттеулер морфеманың грамматикалық сипаттарын анықтауға қажет теориялық-әдіснамалық белгілердің қатарын құрайды.

2 Антропонимдердің этимологиясы мен сөздік қордағы орны, қолданыс аясы, түрлі мағыналық белгілері, этнолингвистикалық сипаттары т.б. мәселелері морфологиялық құрылымды анықтауға мүмкіндік береді.

3 Антропонимдерді тарихи кезеңдерге жіктеуді [2] негізге ала отырып, тіл тарихындағы грамматикалық заңдылықтамен сабақтастыра аламыз.

Қазіргі қазақ тіліндегі антропонимдердің морфологиялық белгілерін зерттеу кезінде біз материалдың бірнеше сипаттарына назар саламыз. Морфологиялық заңдылықтар мен ережелерге бағынуға қарай, грамматикалық құрылымның тілдің ішкі қағидаларымен сабақтасуын есепке аламыз. Тілдегі морфологиялық заңдылықтардың өзі лексикалық мағынаны негізге алады.

Бұл ретте, біз морфологияның басты заңдылықтарын ретінде келесі белгілерді түпкі мағынамен байланыстырамыз.

1 Сөздің морфологиялық белгісін анықтаудағы немесе сөздерді тапқа жіктеудегі басты ұстанымның – лексика-семантикалық ұстанымға бағынатындығы.

«Біріншіден, барлық сөздер, күллі сөз таптары тілдің сөздік құрамына енеді. Қай сөз табына енсе де, сөздердің лексикалық жағы ескерілуге тиіс. Ал, сөздердің лексикалық жағын ескеру деген сөз – олардың семантикалық жақтарын еске алу дегенмен бірдей. Олай болса, әрбір сөз табына енетін сөздер лексикалық тұрғыдан қаралып талдануы қажет» [3, 75].

2 Морфологиялық құрылымды зерттеуді жеке сөзді оқшау алынбайды. Сөз немесе морфема басқа сөздермен, морфемалармен байланыстырыла, сабақтаса алынады.

3 Морфологиялық құрылымды зерттеуде сөзді тілдегі грамматикалық құрылымының бөлшегі ретінде қарастырады. Бұл ортақ морфологиялық белгілерді анықтаудағы ортақ лексика-грамматикалық заңдылықтар арқылы көрінеді. Грамматикалық тәсіл арқылы сөз тудыру, сөзді түрлендіріп өзгерту, сөз бен сөзді байланыстыру қазіргі қазақ және түрік тілдеріндегі қалыптасқан, ғасырлар бойы дағдылы қолданыс жүйеленген құбылыс ретіндегі сипаттары да назарға алынады.

Тілдегі қоғамдық-әлеуметтік, мәдени өзгерістер тек лексикаға ғана әсер етіп қоймайды. Бұл морфологиялық категорияларға да ықпалын жасайды. Сол арқылы жеке сөздердің өзгеріп, түрленеді жаңа жалпы грамматикалық мағыналар туады. Осы өзгерістерді біз қазақ және түрік тілдеріндегі антропонимдерден анық байқаймыз.

Қазақ және түрік тілдерінің антропонимикасында ортақтықты ежелгі түркілік кезең материалдарымен дәлелдей аламыз. Бұл кезеңдегі адам аттарының қолданысында түбір сөзден, туынды сөзден және күрделі сөзден тұратын құрылымдар да көп.

Көне түркі тілінде де түбір негізді, туынды жалқы есімдер, және күрделі жалқы есімдер бар. Түбір негізді кісі аттары: Анар, Эсин, Ұмач, Бөрі, Ола, Бұқа, Чор, Тонг, Баз, Күш т.б. Туынды жалқы есімдер: Шуваш, Тұран, Қапаған, Толаш, Уграш, Тоғырыл т.б. Күрделі жалқы есімдер: Күлтегін, Тонықөк, Алпамыс, Алып Ер Тоңға, Алтуған, Учин Күлік, Тоқ Боды, Ынаншы Күлік т.б. есімдері дәлел бола алады.

Ғ. Айдаров Тонықөк, Ілгеріс, Қапаған аттарын біріккен сөздер деп, ал Білге қаған, Инел қаған, Бөгі қағанды күрделі сөздер деп береді [4, 57].

Қазақ және түрік тілдеріндегі антропонимдердің жасалуында бек, бей (бай), би сөздерінің күрделі сөз құрамындағы бір сыңары болып келіп, күрделі құрылым жасау тәсілі бүгінге дейін өнімді тәсілдердің бірі. Сонымен бірге қазіргі қазақ және түрік тілдеріндегі антропонимдерді жасаудағы сөз таптарының үлесі де көне түркілік кезеңнен желісін үзбей келеді.

Адам аттарын жасауда зат есімдер, сын есімдер, етістік сөз таптары жиі қатысады. Қазіргі қазақ тіліндегі Бесбай, Алтыбай, Алпысбай, Тоқсанбай, Жүзбай т.б. кісі аттары құрамындағы сан есімдердің лексикалық мағынасы ата-ананың ұрпағының көбеюін тілеген, сонымен бірге кейбір сандарды қасиетті деп санаған таным-түсіктері әлі де жалғасып келеді. Т. Жанұзақов венгер ғалымы Л. Рашоньидің ономастика жөніндегі зерттеулері туралы мақаласында Л. Рашоньидің 1-ден бастап 15-ке дейін 20-дан 100 және 1000, 10000 сандарын қатыстырып жасалған көне түркі тілінде кісі аттарын келтіретінін айтады [5, 140].

Қазіргі қазақ тіліндегі антропонимдердің морфологиялық құрылымын анықтау арқылы тілдің тарихи өзгерістерін ғана емес, тектік сипаттарына

қатысты пікірлерді жаңғыртамыз. Соның бірі – ман қосымшасына қатысты пікірді ғалым М. Томанов Севортян сөздігіне сүйене отырып келтіреді [6, 273].

Тілдегі антропонимдердің ерекшелігі – ол түбір морфема қай сөз табынан болуына қарамастан, зат есімнің лексика-грамматикалық қасиеттерін алады. Зат есім сияқты түрленеді: септеледі, тәуелденеді, жіктеледі. Антропонимдердің морфологиялық белгілерінің келесі бір белгісі - көптік жалғауын қабылдамауы. Егер көптік жалғау жалғанса, жекелік мағына сақталмайды. Антропонимдерге Арысландар, Османдар, Киікбайлар, Алтындар болып мағына сол адам және оның қасындағылар, сонымен бірге тағы да басқалар деген семантикалық мағынаны үстейді.

Антропонимдер морфологияда жалқы есімдердің ішінде қарастырылады. Жалқы есімдерге тек кісі аттары ғана емес, географиялық атаулар да кіреді. Географиялық атаулар мен жалқы есімдердің грамматикалық қызметтерінде ұқсастықтар да, ерекшеліктер де бар. Бірақ оларды біріктіретін – басты белгі мағыналық жақындықтары.

Ғ. Мұсабаев, Ғ. Айдаров еңбектерінде көне түркі есімдеріндегі кісі аттарының жасалу заңдылықтары мен қазіргі тілдегі ұқсастыққа кішірейту, еркелету мәніндегі -ш, -қан, -жан, -тай (қазіргі қазақ тіліндегі зат есімнің реңк мәнді жұрнақтары) жұрнақтардың қызметіне талдау жасау кезінде атап өтеді. Қазіргі қазақ және түрік тілдеріндегі сөз таптарының көпшілігіне тән морфологиялық түрлену, морфологиялық тәсілмен (синтетикалық) жұрнақтардың жалғануы тілдің барлық тарихи кезеңдеріне тән [7, 338].

Жалқы есімдердің өзге топтарынан кісі аттарының ерекшеленетін тағы бір айырмашылығы – адам аттарына тән рең категориясы. Кісі аттары калыптағыша атау күйінде қолданылумен қатар, сыйлау, құрметтеу, еркелету, кішірейту мәнін білдіру үшін, атау формасына арнаулы қосымша жалғанып та жұмсалады. Мысалы: Сәбден, Қали деген аттарды құрметтегенде, сыйлағанда я үлкен тұтып атағанда, Сәбе, Қалеке деп атауға болады да, Әли, Сәуле деген аттарды еркелете, кішірейте сөйлегенде, Әлкен, Сәулеш деп атауға болады» [3, 140].

Тіл – әр кезеңдердегі тарихи, әлеуметтік, саяси және мәдени жағдайлардың көріністерін бойына да жинайтын даму үстіндегі құбылыс. Сол себепті де, қазіргі қазақ тіліндегі қазақ және түрік тілдеріндегі антропонимдердің морфологиялық құрылымын зерттеуде бірнеше тұстарға назар салу қажеттігі байқалады. Ғалымдар тілдегі кейбір кісі аттарын синтаксистік құрылым ретінде қарастырудың қажеттігін де ескертеді [8, 208]. Бұған дәлел ретінде Қ. Жұбановтың Айсұлу, Күнсұлу есімдеріне қатысты пікірін назарға алады [9, 108].

Түркі тіліндеріндегі антропонимдерді қарастыруда олардың жалпы есімдік және жалқы есімдік белгілерінің мағыналық өзгешеліктері де

морфологиялық және дериватологиялық сипаттарының өзгерістерін жасайды [10, 171].

Қазақ және түрік тілдеріндегі антропонимдерді зерттеу кезінде біз түбір сөзге, туынды сөзге және күрделі сөздерге тән грамматикалық белгілерді, сипаттарды, заңдылықтарды назарда ұстаймыз. Тілдегі күрделі сөздердің, соның ішінде біріккен сөздердің үлкен тобын құрайтын – антропонимдер.

Күрделі антропонимдер кем дегенде екі түбір морфемадан құралады. Әр түбір морфема өзінің дербестігін морфологиялық жағынан да, лексикалық мағына тұрғысынан да сақтайды. Ендеше бұл да қазақ және түрік тілдеріндегі тұтас жүйенің лексика-семантикалық және грамматикалық белгілерін анықтауды қажет етеді.

Антропонимдерді грамматикалық тұрғыдан зерттеу – тілдегі тұтас мәдени лингвожүйенің түпкі негізі – түбір морфеманың лексика-грамматикалық мағынасының тектік қалпынан ажырамауы, кісі аттарының пайда болу, жойылу заңдылықтарындағы тарихи-элеуметтік жағдайлардың себеп-салдарын анықтау арқылы оның грамматикалық құрылымынан сақтау сияқты қажетті талаптарды орындаудан туады.

### **Қорытынды**

Қазіргі қазақ және түрік тілдеріндегі антропонимдердің морфологиялық құрылымын зерттеуде тілдегі тарихи грамматика және қазіргі тіл грамматикасының заңдары негізге алынады. Қазақ және түрік тілдеріндегі антропонимикадағы тілдік заңдылық сипаттарын бірнеше белгімен тиянақтауға болады.

1 Қазақ және түрік тілдеріндегі ортақтық туыстас тілдердегі адам аттарының морфологиялық белгілері арқылы таным мен түсініктегі және тұтас түркілік болмыстағы бірлікті дәлелдейді.

2 Қазақ және түрік тілдеріндегі антропонимдердің морфологиялық құрылымы лексика-семантикалық мағынаға тәуелді болады. Лексика-семантикалық мағына арқылы ғана жаңа морфологиялық екінші құрылым жасалады.

3 Антропонимдердің морфологиялық жағынан құрылымының өзгеріуіне сөз таптарының лексикалық және грамматикалық белгісі негізгі мәнге ие болады.

### **Пайдаланған деректер тізімі**

1 **Жанұзақов, Т.** Очерк казахской ономастики. – Алматы : Ғылым, 1982. – 140 с.

2 **Жанұзақов, Т. Ж.** Қазақ есімдерінің тарихы. – Алматы : Ғылым, 1971. – 218 б. (Лингвистикалық және тарихи этнографиялық талдау).

3 **Ысқақов, Ә.** Қазіргі қазақ тілі. – Алматы : Мектеп, 1994, – 418 б.



4 **Айдаров, Ф.** Орхон-Енисей және көне ұйғыр жазба ескерткіштерінің тілі. – Алматы : Рауан, 1995. – 153 б.

5 **Жанұзақов, Т.** Венгер ғалымының ономастика жөніндегі еңбектері // Қазақ пен ұйғыр тіл білімі мәселелері жинағы. – Алматы : Қазақ ССР Ғылым Академиясының баспасы, 1963. – 223 б.

6 **Томанов, М.** Қазақ тілінің тарихи грамматикасы – Павлодар, С. Торайгыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті, 2010. – 412 б.

7 **Мұсабаев, Ф.** Қазақ тіл білімінің мәселелері. – Алматы : Арыс, 2008. – 477 б.

8 **Ібаатов, Ә.** Орта жазба мұраларының тілі // Кітапта: Қазақ әдеби тілінің тарихи көздері – Алматы : Ғылым, 1989. – 256 б.

9 **Жұбанов, Қ.** Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. – Алматы : Ғылым, 1999. – 581 б.

10 **Шаяхметұлы, Қ.** Қазіргі қазақ тілі. (Сөзжасам – дериватология, сөзөзгерім – морфология). – Семей-Новосібір, Талер-Пресс, 2007. – 344 б.

## References

1 **Janūzaqov, T.** Oчерk kazahskoi onomastiki – Almaty: Ğylym, 1982. – 140 s. [Essay on Kazakh onomastics]. – Almaty : Science, 1982. – 140 p.

2 **Janūzaqov, T. J.** Qazaq esimderiniñ tarihy. Almaty, Ğylym, 1971 – 218 b. (Lingvistikalyq jāne tarihi etnografialyq taldau). [History of Kazakh names. Almaty, Science, 1971 – 218 p. (Linguistic and historical ethnographic analysis).

3 **Ysqaqov Ä.** Qazırǵı qazaq tılı – Almaty : Mektep, 1994, – 418 b. [Modern Kazakh language - Almaty: School, 1994, - 418 p.]

4 **Aidarov Ğ.** Orhon-Enisei jāne köne üiǵyr jazba eskertkişteriniñ tılı [Aidarov G. Language of Orkhon-Yenisei and ancient Uyghur written monuments]. – Almaty : Rauan, 1995. – 153 p.

5 **Janūzaqov, T.** Venger ğalymynyñ onomastika jönindegi eñbekteri // Qazaq pen üiǵyr til bilimı mäseleleri jinaǵy [Works of the Hungarian scientist on onomastics // Collection of problems of Kazakh and Uyghur linguistics]. – Almaty : Publishing House of the Academy of Sciences of the Kazakh SSR, 1963. – 223 p.

6 **Tomanov, M.** Qazaq tiliniñ tarihi gramatikasy [Historical grammar of the Kazakh language] – Pavlodar, S. S. Toraihyrov Pavlodar State University, 2010. – 412 p.

7 **Musabaev, Ğ.** Qazaq til biliminiñ mäseleleri [Problems of Kazakh linguistics]. – Almaty : Arys, 2008. – 477 p.

8 **İbatov, Ä.** Oрта jazba muralarınıñ tili // Kitapta: Qazaq ädebı tiliniñ tarixı közderi – Almatı : Ğılım, 1989. – 256 b. [The language of secondary written

heritage // In the book: Historical sources of the Kazakh literary language]. – Алматы : Science, 1989. – 256 p.

9 **Jubanov, Q.** Qazaq tili jönindegi zerttewler [Research on the Kazakh language. – Алматы : Science, 1999. – 581 p.

10 **Şayaxmetuli, Q.** Qazirgi qazaq tili. (Sözjasam – derivatologiya, sözözgerim – morfologiya) [Modern Kazakh language. (Word formation – derivatology, word formation - morphology)]. – Semey-Novosibirsk, Thaler-Press, 2007. – 344 p.

Материал 08.09.21 баспаға түсті.

*\*М. С. Мнайдарова, Г. А. Сарсеке*

Евразийский национальный университет имени Л. Н. Гумилева,  
Республика Казахстан, г. Нур-Султан.

Материал поступил в редакцию 08.09.21.

## **ПРОБЛЕМЫ ИЗУЧЕНИЯ МОРФОЛОГИЧЕСКОЙ СТРУКТУРЫ АНТРОПОНИМОВ В КАЗАХСКОМ И ТУРЕЦКОМ ЯЗЫКАХ**

*Статья посвящена изучению антропонимики современных казахского и турецкого языков. Авторы дают основание полагать, что в изучении антропонимов в казахском языкознании большое внимание уделяется лексическим характеристикам. Лексическое значение, этимология, изучение названий человека в различных аспектах лингвокультурной системы взяты в качестве предпосылок для определения морфологических структур. Всестороннее рассмотрение лексико-семантического значения антропонимов обозначается как главное условие исследований. Родственные и единицы казахского и турецкого языков также требуют внимания к общим историческим периодам при изучении антропонимов. Поэтому при изучении антропонимов в казахском и турецком языках за основу берется система классификации, группировки на исторические периоды. При этом авторы считают необходимым исходить из классификации профессора Т. Жанузакова на исторические периоды. По лексическому значению в языке определяются морфологические признаки. Так как свойства морфологической структуры определяются исходя из значения конечного слова в языке, то и морфологические структуры раскрываются через лексические значения имен человека.*

*Одним из моментов, на которые обращают внимание авторы при изучении морфологических признаков антропонимов в современном казахском и турецком языках, является подчинение*

*языкового материала законам и правилам смысловой целостности. Это, в свою очередь, достигается за счет преобладания лексико-семантических характеристик имен людей с внутренними принципами грамматики. Сами морфологические закономерности в языке лежат в основе лексического значения. Авторы статьи по этой же причине дают основание полагать, что основная позиция в определении морфологического признака слова или классовой классификации слов – лексико-семантическая позиция. Авторы статьи отмечают, что при определении морфологической структуры имен человека, наряду с акцентом на морфемный состав антропонимов, необходимо рассматривать и функции слова как класса. История языка дает обширные данные о причастности классов слов к созданию антропонимов. Известно, что это помогает выявить закономерности морфологической структуры в современном языке. В морфологии имена человека должны быть определены для изучения морфологической структуры: местоимения, виды слов, функции в создании простого (односоставного), производного, сложного слова.*

*Определение морфологической структуры антропонимов в языке, в том числе антропонимов в казахском и турецком языках – доказательство родства языка, взаимной преобладания смысловых единиц. В этом контексте очевидно, что в исследовании об антропонимах актуальна необходимость определения морфологической структуры, проведения языкового анализа.*

*Ключевые слова: антропонимы, лексико-семантическое значение, морфологическая структура, казахский и турецкий языки, корень.*

*\*M. S. Mnaidarova, G. A. Sarseke  
L. Gumilyov Eurasian National University,  
Republic of Kazakhstan, Nur-Sultan.  
Material received 08.09.21.*

## **PROBLEMS OF STUDYING THE MORPHOLOGICAL STRUCTURE OF ANTHROPONYMS IN THE KAZAKH AND TURKISH LANGUAGES**

*The article is devoted to the study of the anthroponymy of modern Kazakh and Turkish languages. The authors give reason to believe that in the study of anthroponyms in Kazakh linguistics, much attention is paid to lexical characteristics. Lexical meaning, etymology, and the study of human names in various aspects of the linguistic and cultural system*

*are taken as prerequisites for determining morphological structures. Comprehensive consideration of the lexical and semantic meaning of anthroponyms is designated as the main condition of research. Cognates and units of the Kazakh and Turkish languages also require attention to common historical periods when studying anthroponyms. Therefore, when studying anthroponyms in the Kazakh and Turkish languages, the system of classification and grouping for historical periods is taken as a basis. At the same time, the authors consider it necessary to proceed from the classification of Professor T. Zhanuzakov for historical periods. According to the lexical meaning in the language, morphological features are determined. Since the properties of the morphological structure are determined based on the meaning of the final word in the language, the morphological structures are revealed through the lexical meanings of human names. One of the points that the authors pay attention to when studying the morphological features of anthroponyms in the modern Kazakh and Turkish languages is the subordination of the language material to the laws and rules of semantic integrity. This, in turn, is achieved due to the continuity of the lexical and semantic characteristics of people's names with the internal principles of grammar. The morphological patterns in the language themselves are the basis of the lexical meaning. For the same reason, the authors of the article suggest that the main position in determining the morphological feature of a word or the class classification of words is the lexico-semantic position. The authors of the article note that when determining the morphological structure of human names, along with the emphasis on the morphemic composition of anthroponyms, it is necessary to consider the functions of the word as a class. The history of the language provides extensive data on the involvement of word classes in the creation of anthroponyms. It is known that this helps to identify patterns of morphological structure in the modern language. In morphology, human names must be defined to study the morphological structure: pronouns, types of words, functions in creating a simple (one-part), derivative, complex word.*

*Keywords: anthroponyms, lexical and semantic meaning, morphological structure, Kazakh and Turkish languages, root.*

Теруге 08.09.2021 ж. жіберілді. Басуға 28.09.2021 ж. қол қойылды.  
Электронды баспа  
1,21 Mb RAM  
Шартты баспа табағы 8,86. Таралымы 300 дана. Бағасы келісім бойынша.  
Компьютерде беттеген: А. К. Байниқенова  
Корректор: А. Р. Омарова  
Тапсырыс № 3818

Сдано в набор 08.09.2021 г. Подписано в печать 28.09.2021 г.  
Электронное издание  
1,21 Mb RAM  
Усл. печ. л. 8,86. Тираж 300 экз. Цена договорная.  
Компьютерная верстка: А. К. Байниқенова  
Корректор: А. Р. Омарова  
Заказ № 3818

«Toraighyrov University» баспасынан басылып шығарылған  
Торайғыров университеті  
140008, Павлодар қ., Ломов қ., 64, 137 каб.

«Toraighyrov University» баспасы  
Торайғыров университеті  
140008, Павлодар қ., Ломов қ., 64, 137 каб.  
67-36-69  
e-mail: kereku@tou.edu.kz  
www.vestnik.tou.edu.kz